

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы
оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы
1- 10 сыныптардың ата-аналар жиналысы

Хаттама №4

Күні: 10.04.2025ж.

Уақыты: 17.30-19.30

Қатысушылар: 1-10 сынып ата-аналар комитеттері, қамқоршылық кеңесі

Күн тәртібі:

1. 2025 жылдың жазғы мауысым кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру туралы – Г. Оналбаева

Тыңдалды:

Гимназия директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Г. Б. Оналбаева жиналысқа қатысушы ата-аналарға 2025 жылдың жазғы мауысым кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру туралы таныстырып өтті. Мектеп жанынан ұйымдастырылатын лагерьге және қалалық лагерьге 1-10 сынып оқушыларының қамтылуы жайында атап айтылды.

	Лагерь бағыты	Мерзімі	Қатысушылар сыныптар	Жауаптылар
1.	«Балауса» лагері	01-30.06.25ж	1-4 сыныптар	Рамазанова Ботагоз Жумасеитовна
2.	«Атамекен» этнолагері	01-30.06.25ж	5-8 сыныптар	Ахметжанова Айдана
3.	«Жасыл әлем» эколагерь	01-30.06.25ж	5-8 сыныптар	Спанов Нурболат Косбаевич
4.	«Кәсіптік квест» лагері	01-30.06.25ж	5-8 сыныптар	Молдаш Береке Алтайқызы
5.	«РУХ» дебат	01-30.06.25ж	5-8 сыныптар	Бектурсинова Аида Закирияевна
6.	«Дидарлы жаз»	01-30.06.25ж	5-6 сыныптар	Рауль Ж.
7.	«Айбынды жаз»	01-30.06.25ж	8-10 сыныптар	Болатбеков Н.О.
8.	«Жасыл ел» бағдарламасы	01-30.06.25ж	8-10 сыныптар	Нұртай Г.





Қамқоршылық кеңес төрайымы Г. Урметова сөз алды: жазғы лагерьде балалардың демалуы ата-аналар үшін де тиімді, себебі бала бір мезгіл мектептің лагеріне келіп түрлі ойындар мен іс-шараларға қатысады. былтырғы жылы этнолагерь ұйымдастырылып, киіз үйде балаларға өте қызықты тәрбие жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың қатысқандары жақсы. 7 «Е» сынып ата-ана комитеті Сариева ЖазираБеккадамовна сөз алды: жазғы лагерьде балаларға экскурсия, танымдық саяхаттар ұйымдастырыла ма? – деген сұрағына мектептен тыс қала ішінде саяжайларға балаларды жетекшілері алып барады, онда табиғат аясында зияткерлік ойындар, спорттық шаралар өткізеді деген жауаптар тәрбие орынбасарынан берілді.

Қаулы:

1. Оқушылардың жазғы демалысы ұйымдастырылсын, сынып жетекшілері мен ата-аналар комитеттері 1- 10 сыныптарының ата-аналарына ақпараттар беріліп, түсіндірмелер жүргізілсін.



Директордың міндетін атқарушы:  А. Е. Сармантаева

Хатшы:

 Ахметжанова А.